

## Өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеу нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 наурызда № 32000 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 07.03.2023 бастап күшіне енеді**

"Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеу нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 7 наурыздан бастап күшіне енеді және ресми жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасы*

*Экология және табиғи ресурстар министрі*

**КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

*З. Сулейменова*

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи

ресурстар министрі

2023 жылғы 23 ақпандағы

## Өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеу нормативтері

№ р/с	Шығындарды өтеу түрлері	Өлшем бірлігі	Шығындарды өтеу мөлшері
1	Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған, сондай-ақ жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды, құбырларды және өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жердің барлық санаттарындағы жабайы өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған) жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін.	Өсімдіктер дүниесін қорғау, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін қорғау, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларға сәйкес	Шығындарды өтеу мөлшерін айқындау кезінде оған мыналар: 1) базалық ставкалардың екі еселенген мөлшерінің сомасы; 2) учаскедегі өсімдіктердің нарықтық құны; 3) инфляцияны ескере отырып, өсімдіктер дүниесін қорғауға, қорғауға, қалпына келтіруге және пайдалануға байланысты шығындардың құны; 4) меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған кезде жер учаскесін алып қоюға байланысты өсімдік әлемінің меншік иесіне немесе пайдаланушысына келтірілген барлық залалдар, оның ішінде үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты олар шеккен залалдар енгізіледі.

### Ескертпе:

Өсімдік әлемінің шығындарын осы өсімдік әлемінің шығындарын өтеу нормативтеріне сәйкес мүдделері үшін жабайы өсімдіктер жойылатын жеке немесе заңды тұлғалар өтейді.

Өсімдік әлемінің шығындары жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылданған сәттен бастап алты ай мерзімде өтелуге жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК